

«Бекітемін»
Сырбай Мауленов атындағы
№37 мектеп-лицей директоры
_____Г. Д. Төлеу

Әлеуметтік педагогтің 2025-2026 оқу жылы бойынша аналитикалық есебі

Орындаған: Қайржан М.Ж

Әлеуметтік жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылар мен олардың отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ету және заңмен қарастырылған әлеуметтік көмектерді алуға жәрдемдесу. Қызмет барысында отбасының әлеуметтік жағдайы зерттеліп, қажетті көмек түрлері анықталады. Әлеуметтік педагог оқушылардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асырады. Жұмыс барысында әңгімелесу, кеңес беру, қолдау көрсету, әлеуметтік патронаж және басқа да әлеуметтік-педагогикалық әдістер қолданылады.

27 шілде мен 30 қыркүйек аралығында «Жалпыға міндетті оқу қоры» аясында акция ұйымдастырылды. Акцияның басты мақсаты – атаулы әлеуметтік көмек алатын және әлеуметтік осал топтарға жататын отбасылардан шыққан оқушыларды жаңа оқу жылына дайындау барысында материалдық қолдау көрсету. Аталған кезеңде ата-аналар мен заңды өкілдер тарапынан құжаттар қабылданып, әлеуметтік көмекке мұқтаж оқушылар тізімі жасақталды. Биылғы оқу жылында жалпы саны **203 оқушы** әлеуметтік көмекпен қамтылды. 203 оқушыға 46228 теңгеден, жалпы 9 384 284 теңге қаржылай көмек «Жалпыға міндетті оқу қоры» қаражаты есебінен көрсетілді және ата-аналардың есепшоттарына аударылды.

Көмек алған оқушылар келесі санаттарға жатады:

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасы балалары (АӘК) – **13 оқушы;**
- АӘК алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасы балалары – **13 оқушы;**
- Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар – **5 оқушы;**
- Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасы балалары – **1 оқушы;**
- Білім беру ұйымының алқалы органы айқындайтын өзге санаттардағы оқушылар – **171 оқушы.**

Төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасы балалары санатына 1 оқушы жатқызылды. Бұл оқушы оқыс оқиға салдарынан анасынан айырылып, әлеуметтік тұрғыдан көмекке мұқтаж деп танылды. Комиссия шешімімен баланың жағдайы ескеріліп, шұғыл көмек көрсету туралы шешім қабылданды.

Сонымен қатар, білім беру ұйымының алқалы органы айқындаған өзге санаттағы оқушылардың құжаттары арнайы комиссия отырысында қарастырылып, үй жағдайын тексеру актілері жасалды, және комиссия отырысының хаттамалары толтырылды.

Оқу жылының соңында әлеуметтік қолдауды алушылар саны 164 оқушыны құрады. Санның азаюы кейбір білім алушылардың басқа білім беру ұйымдарына ауысуымен, сондай-ақ жекелеген отбасылардың мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы мәртебесін растамауына байланысты орын алды.

Әлеуметтік жағдайды зерттеу және мектептің әлеуметтік паспорты

2025–2026 оқу жылының басында №37 жалпы орта білім беретін мектепте оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу мақсатында толық әлеуметтік паспорт құрылды. Әлеуметтік паспорт мектептегі оқушылардың түрлі санаттар бойынша ахуалын анықтап, мақсатты әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Оқу жылының басындағы әлеуметтік паспорт мәліметтері бойынша:

- Жалпы оқушы саны: 3540 оқушы
- Толық емес отбасылар: 815 оқушы
- Көп балалы отбасылар: 683 оқушы
- Аз қамтылған отбасылар: 203 оқушы
- Жетім және қамқорлықтағы балалар: 6 оқушы
- Мүмкіндігі шектеулі оқушылар: 41 оқушы
- Мектепішілік есепте: 6 оқушы
- Қалалық есепте тұрған оқушылар: 1 оқушы

Тамақтану сапасын бақылау және сауалнама нәтижелері

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына сәйкес мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Осы бұйрық негізінде және 2025–2026 оқу жылында оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы мектеп директорының бұйрығына сәйкес, 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап мектебімізде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтай отырып, білім алушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

2026 жылдың маңызды жаңалықтарының бірі – мектеп асханасында жаңартылған мәзірдің енгізілуі болды. Жаңартылған мәзір Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 43-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын, 48-бабының 6-тармағын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен бекітілген Қаржылық және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау және бөлу қағидаларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы

№598 бұйрығымен бекітілген Тамақтандыруды ұйымдастыру қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтандыру стандартының 3-тарауының 64 және 66-тармақтарына сәйкес енгізілді. Жаңартылған мәзір білім алушылардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық қажеттіліктерін ескере отырып әзірленіп, олардың сапалы, теңгерімді және дұрыс тамақтануын қамтамасыз етуге, тағам түрлерінің ассортиментін кеңейтуге және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған. Осы жаңашылдық аясында ас мәзіріндегі көкөністер мен жемістердің үлесі арттырылып, тұз, қант және май мөлшері реттелді, сондай-ақ балалардың денсаулығына пайдалы әрі құнарлы тағам түрлері енгізілді.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы тұрақты бақылауда, себебі дұрыс ұйымдастырылған тамақтану білім алушылардың үлгерімін арттыруға, жұмыс қабілеттілігін жақсартуға, денсаулығын нығайтуға және үйлесімді дамуына ықпал етеді.

Тамақтану сапасына бақылау жүйелі түрде мониторингтік комиссия арқылы жүзеге асырылады. Комиссия оқу жылы бойы мектеп асханасына жоспарлы тексерістер жүргізіп, дайындалған тағамдардың сапасын, санитарлық жағдайын, белгіленген нормалардың сақталуын және бекітілген ас мәзіріне сәйкестігін бағалайды. Тексеру нәтижелері бойынша актілер мен қорытындылар рәсімделеді. 2025–2026 оқу жылында 18 акт жасалды (айына 2 рет тексеру). Комиссия құрамы мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп, оның құрамына әкімшілік өкілдері, қамқоршылық кеңес мүшелері, медициналық қызметкерлер және ата-аналар қауымдастығының өкілдері енгізілген. Комиссия қызметі бекітілген жылдық жоспар негізінде жүзеге асырылады.

Тексеру барысында қойма бөлмелерінің санитарлық жағдайына қатысты жекелеген бұзушылықтар, асхана қызметкерлерінің жеке заттарын сақтау фактілері, сондай-ақ тыйым салынған өнімдерді сату деректері анықталды. Әрбір анықталған факті бойынша ескертулер, ұсыныстар және жою мерзімдері көрсетілген комиссиялық актілер жасалды. Кейіннен жеткізуші тарапынан барлық анықталған бұзушылықтар толық жойылды.

Оқушыларды ыстық тамақпен 100% қамтуға ерекше назар аударылды: 1–4 сыныптардағы 1199 оқушы және әлеуметтік осал санаттағы 78 оқушы тегін және ақылы негізде тамақпен толық қамтылды.

Ағымдағы оқу жылында АПК жүйесін енгізу жұмысы жалғастырылды. Бұл тамақтану есебінің ашықтығын арттыруға, бақылауды күшейтуге және

мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру тиімділігін жақсартуға, сондай-ақ мақсатты топтағы оқушыларды толық қамтуға мүмкіндік берді.

Мектеп оқушылары арасында асхана жұмысының сапасын және көрсетілетін қызмет деңгейін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға барлығы **520 оқушы** қатысты (қазақ сыныптары – **200 жауап**, орыс сыныптары – **320 жауап**).

1-сұрақ. «Мектеп асханасында көбіне қандай тағам түрлерін тұтынасың?»

- Ыстық тамақ: 80 + 120 = **200 оқушы** (≈38,5%)
- Жеңіл тағамдар (бәліш, тоқаш): 90 + 150 = **240 оқушы** (≈46,2%)
- Асханадан тамақтанбаймын: 30 + 50 = **80 оқушы** (≈15,3%)

2-сұрақ. «Мектеп асханасындағы тағамдардың дәміне көңілің тола ма?»

- Толықтай қанағаттанамын: 70 + 100 = **170 оқушы** (≈32,7%)
- Орташа: 85 + 140 = **225 оқушы** (≈43,3%)
- Қанағаттанбаймын: 45 + 80 = **125 оқушы** (≈24,0%)

3-сұрақ. «Асханадағы баға тағам сапасына сай деп ойлайсың ба?»

- Иә: 90 + 140 = **230 оқушы** (≈44,2%)
- Жоқ: 60 + 90 = **150 оқушы** (≈28,8%)
- Кейде: 50 + 90 = **140 оқушы** (≈27,0%)

4-сұрақ. «Асхана қызметкерлерінің сыпайылығы мен қарым-қатынасына қалай баға бересің?»

- Жақсы: 110 + 150 = **260 оқушы** (≈50,0%)
- Қанағаттанарлық: 60 + 110 = **170 оқушы** (≈32,7%)
- Қанағаттанарлықсыз: 30 + 60 = **90 оқушы** (≈17,3%)

5-сұрақ. «Асханадағы санитарлық тазалық деңгейін қалай бағалайсың?»

- Өте таза: **150 оқушы** (≈28,8%)
- Қанағаттанарлық: **280 оқушы** (≈53,8%)
- Тазалықты жақсарту қажет: **90 оқушы** (≈17,4%)

Қорытынды:

Сауалнама нәтижелері мектеп асханасында оқушылардың басым бөлігі жеңіл тағамдарды жиі тұтынатынын көрсетті. Тағамдардың дәмі мен бағасына қатысты пікірлер негізінен орташа және оң деңгейде қалыптасты. Асхана қызметкерлерінің қарым-қатынасы көпшілік тарапынан жақсы деп бағаланған. Асханадағы санитарлық тазалық деңгейі жалпы алғанда талаптарға сай, алайда кейбір бағыттар бойынша жақсарту қажеттілігі байқалады.

Сауалнама нәтижесінде анықталған мәселелер. Сауалнама нәтижелерін талдау барысында оқушылар арасында ыстық тағамдарға сұраныстың төмен екендігі анықталды. Білім алушылардың басым бөлігі бәліш, тоқаш сияқты жеңіл тағамдарды тұтынуды жөн көреді. Сонымен қатар, кейбір оқушылар тағамдардың дәмдік сапасына және баға мен сапаның сәйкестігіне қатысты

ескертулер білдірді. Асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету мәдениеті мен асхананың санитарлық жағдайына байланысты да жекелеген ұсыныстар мен пікірлер айтылды.

Қабылданған шаралар және нәтижелері: Анықталған мәселелерді шешу мақсатында білім алушылардың ұсыныстары мен пікірлері зерделеніп, ас мәзіріне түзетулер енгізілді. Тағамдарды дайындау сапасына, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына және қызмет көрсету деңгейіне бақылау күшейтілді. Оқушылар арасында дұрыс және тиімді тамақтанудың маңыздылығы жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді, ал асхана қызметкерлерімен қызмет көрсету мәдениетін арттыру бағытында жұмыстар ұйымдастырылды. Жоспарланған барлық іс-шаралар толық орындалып, нәтижесінде анықталған мәселелердің бір бөлігі шешімін тапты және мектептегі тамақтандыру сапасы жақсарды.

Келесі оқу жылында білім алушылардың сұраныстары мен ұсыныстарын ескере отырып, ас мәзірінің ассортиментін қайта қарау, тамақтану сапасына мониторинг жүргізуді жалғастыру және мектеп асханасы қызметінің сапасын одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – «Әлеуметтік әмиян» жүйесінің енгізілуі болып табылады. Аталған жүйені іске асыру аясында АПК базасына қажетті барлық деректерді енгізу, сондай-ақ білім алушылар туралы ақпаратты толық тексеру және салыстыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді.

Жүйенің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 1–4 сынып оқушыларының (1199 оқушы) деректер базасына және ата-аналардың өтініштері негізінде тегін тамақтанумен қамтылған СУСН санатындағы оқушылардың (78 оқушы) мәліметтеріне толық өзектендіру және мұқият тексеру жүргізілді.

Жұмыс барысында бірқатар сәйкессіздіктер анықталды, атап айтқанда: басқа білім беру ұйымдарына ауыстырылған кейбір оқушылардың әлі де мектеп тізімінде тіркелуі, сондай-ақ басқа мектептерден келген оқушылар туралы деректердің толық көрсетілмеуі немесе мүлде енгізілмеуі сияқты жағдайлар тіркелді (шамамен 300 оқушы).

Анықталған қиындықтарға қарамастан, деректерді нақтылау және түзету бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Нәтижесінде шамамен 150 оқушы бойынша мәліметтер өзектендірілді. Қалған деректерді ретке келтіру үшін олар білім бөлімі әдіскері мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігіне жолданып, тиісті сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде.

Осылайша, деректер базасын толық сәйкестендіру жұмыстары әлі аяқталған жоқ және бұл бағыттағы жұмыс 2026–2027 оқу жылында «Әлеуметтік әмиян» жүйесін одан әрі енгізу аясында жалғасатын болады.

Әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету

«Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы мұқтаж балаларға көмек көрсетуге және мектепке бармайтын балаларды анықтауға бағытталған маңызды іс-шара болып табылады.

Жыл сайынғы игі дәстүр бойынша, әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған, көпбалалы, тұрмысы төмен отбасы балаларына, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және басқа да санаттағы балаларға қолдау көрсету мақсатында мектебімізде тамыз және қыркүйек айларында республикалық «Мектепке жол» акциясы өтті.

Акцияның басты мақсаты — аз қамтылған, көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ басқа да әлеуметтік қорғалмаған балаларға демеушілер арқылы әлеуметтік көмек көрсету, оқу жылының басталуына дайындалуға қолдау көрсету және әлеуметтік себептерге байланысты балалардың мектепке келмеуінің алдын алу.

Акция аясында айлық жұмыс жоспары құрылып, мектеп педагогикалық ұжымы мен демеушілер бірлесіп, акцияны өткізуге белсенді атсалысты.

2025 жылға арналған Қор бағдарламасы («Жақсылық жолымен» жобасы) аясында жоспарланған іс-шараларға сәйкес, 2025 жылдың 16 мамырында Қор директоры Шаяхметова Б. М.-нің бастамасымен «Ақниет» қоры тарапынан қайтарымсыз негізде келесі кеңсе тауарлары табысталды:100 дана мектеп сөмкесі,

- 100 дана түрлі-түсті қарындаш,
- 100 дана сызғыштар жиынтығы,
- 300 дана қалам,
- 100 дана пенал.

Жыл ішінде Қайырымдылық акциясы аясында көрсетілген көмек түрлері:

- **11 «Д» сыныбы** – 6 дана куртка
- **7 «Ж» сыныбы** – киім-кешек
- **6 «Б» сыныбы** – мектеп құралдары
- **2 «Б» сыныбы** – 30 жұп шұлық, 10 дана гамаш
- **6 «И» сыныбы** – мектеп құралдары
- **3 «Ә» сыныбы** – мектеп құралдары
- **4 «Д» сыныбы** – қаржылай көмек
- **5 «Л» сыныбы** – мектеп құралдары, аяқ-киім
- **2 «Ж» сыныбы** – қаржылай көмек
- **6 «Ғ» сыныбы** – азық-түлік
- **6 «Ж» сыныбы** – мектеп құралдары
- **6 «И» сыныбы** – азық-түлік
- **7 «Е» сыныбы** – мектеп құралдары
- **10 «В» сыныбы** – азық-түлік, мектеп құралдарымен көмек көрсетті.

Көрсетілген көмек негізінде көмекке мұқтаж және аз қамтылған отбасыларға қолдау көрсетіліп, азық-түлік пен киім-кешек таратылды. Сонымен қатар, жиналған қаражатқа 15 отбасыға арнайы азық-түлік себеттері дайындалып берілді.

Құқықбұзушылықтың алдын алу және тәртіппен жұмыс

Ағымдағы оқу жылында мектепте қалалық есепте 3 оқушы тіркелген. Олардың 2-еуі 6 ай мерзім өткеннен кейін есептен шығарылды, 1 оқушы есепте қалды. Оқу жылының басында мектепішілік есепке 6 оқушы қойылса, оқу жылының соңына қарай олардың саны 14 оқушыға дейін артты.

Мектеп әкімшілігі, атап айтқанда тәрбие жұмысы жөніндегі блок тарапынан құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында ауқымды жұмыс жүргізілді. Алайда күнделікті түсіндіру және профилактикалық жұмыстарға, сондай-ақ жеке бақылауға қарамастан, кейбір оқушылар тарапынан тәртіп бұзушылық фактілері жалғаса берді.

Сонымен қатар, оқу жылы ішінде қала көшелерінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың жекелеген жағдайлары тіркелді. Аталған фактілер бойынша ата-аналармен, сынып жетекшілерімен және кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлармен бірлесіп жеке профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Білім алушылар мен олардың заңды өкілдеріне құқықтық жауапкершілік пен құқыққа қарсы әрекеттердің салдары туралы түсіндіру жұмыстары берілді.

Практика көрсеткендей, құқықбұзушылықтардың көпшілігі күн тәртібін, дұрыс тамақтану, сергектік пен демалыс режимін сақтамайтын оқушылар арасында жиі кездеседі. Осыған байланысты ата-аналарға арналған семинарлар мен Ата-аналарды қолдау орталығының жұмысы аясында ай сайын білім алушылардың күн тәртібін сақтау, ата-аналардың тарапынан балалардың бос уақытын бақылау, сондай-ақ оларды қосымша үйірмелер мен секцияларға тарту бойынша тұрақты түрде ұсыныстар беріліп отырды. Бұл шаралардың балалардың денсаулығы мен жан-жақты дамуына оң әсер ететіні атап өтілді.

Сондай-ақ, ата-аналармен және оқушылармен компьютерлік ойындар мен гаджеттердің әсері туралы жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар Ішкі істер департаменті өкілдері өткізген жиналыстарға «Заң мен тәртіп» жобасы аясында қатысты. Кездесулер барысында бейнематериалдар көрсетіліп, кейбір ойын түрлерінің виртуалды және шынайы өмір арасындағы шекараны бұзатыны, балалардың психоэмоционалдық жағдайы мен мінез-құлқына теріс әсер ететіні түсіндірілді. Сонымен қатар, отбасылық бос уақытты тиімді ұйымдастырудың, балалардың спорттық және шығармашылық үйірмелерге белсенді қатысуының маңыздылығына ерекше назар аударылды.

Тағы бір маңызды бағыт – «бақылау формасын» жүргізу жұмысы болды. Аталған форма мектептің әлеуметтік педагогы, сынып жетекшілері және педагог-психологтарымен бірлесіп толтырылды. Бұл форма диагностикалық зерттеулер нәтижесіне сәйкес білім алушыларды тәуекел деңгейі бойынша «қызыл», «сары» және «жасыл» аймақтарға бөлуге негізделді.

Осы бағыт аясында мектепте туындаған мәселелерді анықтау және оларды дер кезінде шешуге бағытталған кешенді жұмыс жүргізілді. Білім алушылармен, сондай-ақ олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) профилактикалық әңгімелер мен консультациялар тұрақты түрде ұйымдастырылды.

Аталған жүйені енгізу білім алушылардың жағдайын мониторингтеудің тиімділігін арттыруға және психологиялық-педагогикалық жұмыста неғұрлым мақсатты әрі жүйелі тәсілді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Тәрбиелік және қайырымдылық іс-шаралар

17 қараша мен 12 желтоқсан аралығында мектепте «Жақсылыққа бірге» атты қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияның негізгі мақсаты – білім алушылар арасында мейірімділік, қайырымдылық және әлеуметтік жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ мұқтаж жандарға қолдау көрсету болды.

Акция аясында сыныптар белсенді түрде қатысып, түрлі қайырымдылық шаралары ұйымдастырылды. 28.11.2025 жылы екі үлкен үзіліс кезінде мектеп рекреация аймақтарында жәрмеңке өткізілді. Әр сынып өз аймағында белсенділік танытып, ұйымдастыру жұмыстарына атсалысты. Жәрмеңке барысында оқушылар мен педагогтар бірлесіп жұмыс істеп, жоғары деңгейдегі ұйымшылдық көрсетті.

Акция барысында киілген (қолданылған) киімдер қабылданбады, тек жаңа және жарамды заттар ғана қабылданды.

Өткізілген іс-шара мектеп ұжымының бірлігін нығайтуға, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және қайырымдылық мәдениетін дамытуға өз үлесін қосты.

Жыл ішінде мектепте оқушылардың бастамасымен ұйымдастырылған қайырымдылық акциялары өткізілді. Сынып ұжымдары мұқтаж жандарға көмек көрсету мақсатында азық-түлік жиынтықтарын жинап, қайырымдылыққа арналған қораптар жасақтады.

Сонымен қатар, кәсіпкер болып табылатын кейбір ата-аналар да қайырымдылық шараларына өз үлестерін қосып, азық-түлік өнімдерін жеткізу арқылы демеушілік көмек көрсетті.

Аталған бастамалар оқушылардың мейірімділік, жауапкершілік және әлеуметтік белсенділік қасиеттерін дамытуға, сондай-ақ мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті.

Жаңа жыл мерекесіне орай қала көлемінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын Президент шыршасы мен қала әкімінің шыршасы іс-шараларына мектебімізден 2024-2025 оқу жылында екі оқушы қатысты. Оның бірі – әлеуметтік осал санаттағы оқушы болса, екіншісі – оқу үлгерімі жоғары, олимпиадалар мен түрлі зияткерлік және шығармашылық байқаулардың белсенді қатысушысы.

Аталған іс-шаралардың тәрбиелік және әлеуметтік маңызы зор. Олар балалардың бойында патриоттық сезімді, қоғамдық жауапкершілікті, бірлік пен ынтымақтастық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай мерекелік шаралар балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, олардың қоғам өміріне деген қызығушылығын арттырып, әлеуметтік бейімделуіне оң әсер етеді.

Мемлекет және жергілікті атқарушы орган өкілдерінің балаларды құттықтауы, сыйлықтар табыстауы оқушылардың өз жетістіктеріне деген сенімін нығайтып, алдағы уақытта жаңа табыстарға жетуге ынталандырады.

Қорытындылай келе, Президент шыршасы мен қала әкімінің шыршасы балаларды қолдауға, олардың жан-жақты дамуына және қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды нығайтуға бағытталған маңызды әлеуметтік-тәрбиелік іс-шаралар болып табылады.

“Жасыл Ел” бағдарламасы және жазғы демалыс

1 мамырдан бастап «Жасыл Ел» бағдарламасы аясында мектебіміздің оқушылары мен жауапты педагогтар мектеп аумағын абаттандыру жұмыстарына тартылды. Бағдарлама мамыр, маусым, шілде және тамыз айларына жоспарланған төрт айлық кезеңді қамтиды. Мамырда 13 оқушы және 1 педагог, маусымда 14 оқушы және 1 педагог, шілдеде 4 оқушы және 1 педагог, тамызда 4 оқушы және 1 педагог қатысты.

«Жасыл Ел» — бұл әлеуметтік жоба, оның мақсаты оқушылардың тәрбиелік үдерісін қамтамасыз ету, жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ алғашқы еңбек тәжірибесін алу және табыс табу мүмкіндігін беру. Бағдарламаға қатысуға басымдық әлеуметтік осал санаттағы (СУСН) оқушыларға, кейін мектеп ішінде есепте тұрған оқушыларға және толық отбасыдан шыққан оқушыларға беріледі.

Оқушылар арнайы формаға қамтамасыз етілді, ол жұмыс аяқталғаннан кейін өздерінде қалады. Олар мектеп аумағын тазалау және абаттандыру,

гүлдерді суару, шөп пен арамшөптерден тазалау, жылыжайда жұмыс істеу сияқты жұмыстарды атқарды және еңбекақы алды. Жұмыс кестесі аптасына 5 күн, күніне 4 сағаттан болды. Сонымен қатар, бағдарлама қатысушылары қаладағы сенбіліктер мен басқа да іс-шараларға қатысты.

Жыл сайын мектебімізден бағдарламаға шамамен 35 оқушы қатысады, соңғы 3 жылда 105 оқушы қатысты. Алайда бағдарламаға қатысқысы келетіндердің саны берілген орындардан әлдеқайда көп. Мектеп тарапынан «Жасыл Ел» бағдарламасының ұйымдастырушыларына жұмыс орындарын көбейту бойынша бірнеше ұсыныстар енгізілген, бірақ қазіргі күнге дейін бұл мүмкіндіктер берілмеген.

Бағдарлама оқушылар ұжымын біріктіруге, өзара достық қарым-қатынасты нығайтуға және өзара көмек көрсету дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл еңбекке баулу мен тәрбие беру бағытындағы тиімді профилактикалық шара болып табылады, ол жауапкершілік пен еңбекқорлықты дамытуға септігін тигізеді.

Жыл сайын жазғы демалыс кезеңінде әлеуметтік осал санаттағы (СУСН) оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру мақсатында олар қала сыртындағы жазғы лагерьлерге жіберіледі.

2025–2026 оқу жылында, өткен жылдағыдай, мектебіміздің 20 оқушысы Ақмола облысы Қоянды ауылында орналасқан «Astana Camp» жазғы сауықтыру лагеріне жолдама алды. Лагерьде балалардың сапалы демалысын ұйымдастыруға, денсаулығын нығайтуға, бос уақытын тиімді өткізуіне және шығармашылық, спорттық іс-шараларға қатысуына қажетті жағдайлар қарастырылған.

Аталған шара әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдау, олардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру және жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытындағы маңызды әлеуметтік қолдау тетіктерінің бірі болып табылады.

Қорытынды

Жалпы алғанда, есепті кезеңде мектепте әлеуметтік-педагогикалық, тәрбие, профилактикалық және әлеуметтік қолдау бағыттары бойынша кешенді әрі жүйелі жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын зерттеу, әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларға қолдау көрсету, құқықбұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ тамақтандыру сапасын ұйымдастыру және бақылау жұмыстары тұрақты түрде жүзеге асырылды.

Жүргізілген іс-шаралар мен енгізілген жаңашылдықтар (АПК жүйесі, «Әлеуметтік әмиян», жаңартылған мәзір, мониторингтік бақылау,

профилактикалық формалар) мектептегі басқару және бақылау жүйесінің тиімділігін арттыруға ықпал етті.

Сонымен қатар, ата-аналармен, демеушілермен және әлеуметтік серіктестермен өзара ынтымақтастық нығайтылып, білім алушыларды жан-жақты қолдау мен дамытуға бағытталған қолайлы орта қалыптастырылды.

Жалпы жұмыс нәтижелері атқарылған іс-шаралардың тиімділігін көрсетіп, келесі оқу жылында осы бағыттағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру қажеттігін айқындайды.

Келесі оқу жылына ұсыныстар:

1. Тәуекел тобындағы оқушылармен аптасына жеке әңгімелер жүргізу;
2. Психолог пен әлеуметтік педагогтың бірлескен жұмысын кеңейту;
3. Әр оқушының мінез-құлқын бақылау картасын әзірлеп, жүргізу;
4. Ата-аналарға арналған тәрбие жөніндегі ережелер мен буклеттер әзірлеу;
5. Профилактикалық іс-шараларды интерактивті форматта (тренингтер, кейстер, дебаттар) ұйымдастыру, тек түсіндірумен шектелмеу;
6. Ата-аналармен жұмысын нығайту, «тәуекел тобындағы отбасы картасын» тұрақты жаңартып отыру;
7. Полицияның кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторларымен бірлескен рейдтер мен кездесулерді жүйелеу;
8. Оқушылардың талғамына сәйкес мәзірді тоқсан сайын талдау;
9. Асхананың санитарлық жағдайына бақылауды күшейту және тексеру нәтижелерін ашық түрде жариялау;
10. Мектеп бағдарламасы аясында қайырымдылық және волонтёрлік жобаларды жүйелеу.

Әлеуметтік педагог: Қайржан М. Ж